

«Бекітемін»
«Армантай» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Л.Р.Усебова

Өрт бала көзімен



Тәрбиеші: Юнусметова Ш.Р.

Шымкент 2021 ж

Мақсаты: Балаларға өрттің қаншалықты қауіпті екендігі туралы түсіндіру, оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын өрт өшіретін құралды пайдалануды, адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық-техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін айтып үйрету. Балаларды өрттің алдын алуға ынталандыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші: От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От - өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Сонымен от - өміріміз десек те, оның әлемі жайлаған алапаттың бірі - өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқампаздығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз.

Алихан: От жақпа, күйерсің,
Өртеніп жүрерсің.
Сіріңкені ұстасаң,
Бәлеге сен түсерсің.

Талшын: Оттың ісі қуырмақ,
Желдің ісі суырмақ.
Қазір жанған жалынды,
Алып - ұшып қуаламақ.

Тәрбиеші: Олай болса, балалар мен сендермен «Қателеспе» деген ойын

ойнағым келеді. **Ойынның шарты:** отта жанатын заттарды айтқанда қолды жоғары көтереміз, отта жанбайтын заттар айтылғанда қолымыз төменде болуы шарт.

Сөздер: қағаз, терезе, жапқыш, дәптер, киімдер, жиһаздар, шөптер, бензин, жапырақтар, ағаштар, кітаптар, шеге, әйнек, қасық, металл, мұз, қар, тас, су.

Тәрбиеші: Балалар сендермен тағы да бір ойын ойнап, от, өрт туралы қаншалықты білетіндеріңді тексерсем деймін.

Ойын: «Кім шапшаң?»

Ойын шарты: Берілген сұрақтарға жылдам жауап беру керек.

- Өрт сөндіретін адамды қалай атайды? (өрт сөндіруші)
- Өрт сөндірушінің адамдарға қандай көмегі бар? (олар үйдегі, ормандағы өрттерді сөндіреді)

- Олардың жұмысы қандай? (адамдарға қажет, өте ауыр, қиын)
- Өрт сөндірушілер қандай болу керек? (батыл, өжет, шапшаң, епті)
- Олар неге батыл, шапшаң болу керек? (өйткені өрт кезінде адамдарды, т.б. құтқарады)
- Өрт болған кезде қандай нөмерге телефон шалу керек? (101)
- Өрт сөндірушіге телефон шалған кезде қандай мағлұматтар беру керек? (не болғанын, мекен - жайын айту).

Қимылды ойын: «От пен су»

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бірі қызыл лентаны тағып, от болып қашады. Ал көк лента таққан балалар су болып қуалайды. Ойын 2-3 рет қайталанады. **Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар! Ойынды тамаша ойнадыңдар. Тағы да бір ойынға кезек берейік.

Ойын: «Болады - болмайды»

Ойынның шарты: Қолдарыңа мына бағдаршамды алыңдар. Қызыл түсті - болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті - болатын жағдайда көтересіңдер.

Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға

Жанып тұрған сіріңкені тастауға

Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға

Өрт шыққан жерде қалуға

Өрт кезінде керует астына, шкаф ішіне тығылуға

Өрт кезінде есік, терезені ашуға

Басымызды, бет - аузымызды ылғал сүлгімен орауға...;

Өрт кезінде жарға, еденге су шашуға

Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тыңдауға

Көршілерден көмек сұрауға

Өрт кезінде газды, жарықты, токқа қосылатын құралдарды қосуға

Тәрбиеші: Балалар естерінде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естерінде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт - тілсіз жау» деген, отпен аса сақ болу керек және үлкендермен бірге қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау керек !